



Мақтаарал ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

Күшін жойған

Түркістан облысы Мақтаарал аудандық мәслихатының 2024 жылғы 29 наурыздағы № 14-94-VIII шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 29 наурызда № 6504-13 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Мақтаарал аудандық мәслихатының 2025 жылғы 30 желтоқсандағы № 36 -226-VIII шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Мақтаарал аудандық мәслихатының 30.12.2025 № 36-226-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы шешім 01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес, Мақтаарал аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мақтаарал ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығының мөлшерлемесінің мөлшерін салықтық кезеңде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4% - дан 2% - ға төмендетілсін.

2. Осы шешім 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Мақтаарал аудандық мәслихатының төрағасы

К. Сарсекбаев